Тәжен ауылы бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысының Хаттамасы

Тәжен ауылы **№3** **06.05.2025 жыл**

Тәжен ауылының жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар 5 адам.

Қатысқандар: 1. Жолдасбаев Айтбай Екибаевич;
2. Оразов Наурызбай;
3. Қосмағамбетов Рахим Балшықбаевич;
4. Самжанова Айгул Жеткинбаевна.

Жергілікті қоғамдастық жиналысын ауыл әкімі А.Жұмаханов ашты. Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысқан мүшелердің ашық дауыс беру нәтижесінде жиналыс төрағасы Р. Қосмағамбетов хатшысы А.Самжанова болып сайланды.

Күн тәртібі.

1. Тәжен ауылында 2025 жылы жасалынатын жаяу жүргіншілер жолын төсеу жұмысына қажетті құм және қиыршық тас қоспасын (ПГС) бір көзден сатып алу тәсілімен тікелей шарт жасау арқылы жүзеге асырылуын талқылау.

Тыңдалды:

Жолдасбаев Айтбай – Ауыл аумағында атқарылатын жұмыстарды мүмкіндігінше сапалы, жылдам, уақытылы жүргізу мақсатында мемлекеттік сатып алу заңының өзгерістерімен қайта қабылданған мүмкіндіктіктерін тиімді пайдалану қажет деп ойлаймын. Ол үшін ауданымыздың аумағында өз жұмыстарын сапалы әрі уақытылы атқарып жүрген кәсіпкерлерімізге бір көзден мемлекеттік сатып алу процедураларына қатысуға шақыру қажет. Жаяу жүргіншілер жолын төсеу жұмысына қажетті құм және қиыршық тас қоспасын (ПГС) алу барысында осы жұмысты атқаруға мүмкіндігі бар тиісінше техникасы бар кәсіпкерді таңдау керек. Бұл өз кезегінде бірінші кезекте ауылымыздың және ауданымыздың мерзімді жұмыспен қамту мәселелерін шешуге көмектеседі, екіншіден Қазақстан аумағының алыс аумақтарында орналасқан кәсіпкерлер баға ұсынысы арқылы ұтып алған жағдайда бұл жұмыс сапасыз орындалатындығы және кепілдігі бойынша іс-шараларды ұйымдастырудан бас тартатындығы бәрімізге мәлім. Алдағы уақытта қайта қабылданған заң мүмкіндіктерін пайдалану арқылы бір көзден сатып алу процесін жүргізу қажет деп санаймын.

Қосмағамбетов Рахим – Ауыл ішінде жаяу жүргіншілер жолын төсеу, қазіргі таңда маңызды рөл атқарады. Бұл жұмыс мемлекеттік сатып алу парталы арқылы жарияланып, алғашқы жеңімпаз JQ Construction жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кепілдігі бойынша іс-шараларды ұйымдастырудан бас тартуы салдарына екінші жеңімпазға өтті. Бұл жеңімпаз жеке кәсіпкер «Сабиров» Тәжен ауылындағы брусчатқадан тротуар салу жұмысына өз келісімін берді, және келісім шарт жасақталды. Осы кәсіпкермен қажетті құм және қиыршық тас қоспасын (ПГС) бір көзден сатып алу процесін жүргізу қажет. Жергілікті қоғамдастық мүшелері бәріміз ауыл әкімінен, осы айтылған мәселелердің тез орындалуына ықпал етуін сұраймыз.

Күн тәртібіндегі мәселелердің жобасын мақұлдау жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелерімен бір ауыздан дауысқа салынып қабылданды.
Қолдаушылар - 4
Қарсы - жоқ
Қалыс қалған – жоқ

Жергілікті қоғамдастық жиналысы шешім етті:

Ауылға жаяу жүргіншілер жолын төсеу жұмысына қажетті құм және қиыршық тас қоспасының (ПГС) уақытылы келуі қажет ететіндіктен, жұмыстың нәтижелі болуына толықканды жауап беретін жергілікті кәсіпкерлермен мемлекеттік сатып алуды бір көзден жүргізу қажет. Жергілікті қоғамдастық мүшелері бір ауыздан қолдап, осы айтылған мәселелердің тез арада орындалуын ауыл әкімінің қадағалауына ұсынамыз.
Жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасы «Тәжен ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жолдансын.

Жиналыс төрағасы **Р. Қосмағанбетов**

Жиналыс хатшысы **А. Самжанова**